

Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты Исахов Баһытжан Сейдиллаевичтің «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан Республикасын әлеуметтік мемлекет ретінде орынқытурудың конституциялық-құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысына ғылыми кеңесші, з.ғ.к., ҚазҰУ заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы және тарихы, конституциялық құқық және әкімшілік құқық кафедрасы доценті, ҚР ҰЗА академигі У.А. Ахатовтың

ПІКІРІ

Докторант Исахов Баһытжан Сейдиллаевичтің «Қазақстан Республикасында әлеуметтік мемлекетті орынқытурудың конституциялық-құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы казіргі таңдағы өзекті мәселелердің біріне арналған. Диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасында әлеуметтік мемлекет орнатуды кешендей түрде зерттеуге арналған. Зерттеу жұмысында әлеуметтік мемлекет анықтамасының конституциялық бастамалары, әлеуметтік мемлекеттің басты қажетті элементі ретінде азаматтық қоғамды құру негіздері, халықтың барлық топтарын біріктірудің заңды негіздемесі, әлеуметтік мемлекеттің толықтаңды қалыптасуын іске асырудың қажетті кезеңі ретінде құқықтық мемлекеттің негіздемесі, либералды идеялардың нарықтық экономика дауіріндегі мемлекеттің әлеуметтік рөлімен өзара әрекеттесу саласы, мемлекеттің әлеуметтік саясатының тиімділігін арттыру мәселелері, нарықтық қатынастар дауіріндегі әлеуметтік мақсаттарға басымдық беру, елді әлеуметтік мемлекет ретінде нығайтуға ықпал жасайтын элементтердің өзара іс-қимыл мәселелері, әлеуметтік мемлекеттің конституциялық бекітілген белгілерін айқындау және мемлекеттік аппараттың әлеуметтік мемлекеттегі азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл факторлары кеңінен қарастырылған. Сондай-ақ, аталған мәселелерге қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарына салыстырмалы талдау жасай келе, олардың қол жеткізген маңызды ғылыми қозқарастары, ұстанымдары теориялық және тәжірибелік түргысынан қарастырылып, зерделенді.

Зерттеу жұмысының мазмұны, орындалу сапасы және қол жеткізген нәтижелеріне қарап, оның ереже талаптарына сай жүргізілгендері жөнінде айтуда толық негіз бар.

Доктарант диссертацияның алға қойылған мақсаты мен міндеттерін кисынды түрде бір-бірімен сабактастыра отырып, жұмыстың мазмұнын тоłyқ ашып көрсете білген. Қолданылған дереккөздері мен іргелі ғылыми еңбектерге сүйене отырып, жаға қөзқараспен өз ойларын дәйектеу зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын арттыра түседі. Сондай-ақ әлеуметтік мемлекетті орнықтыруға байланысты шетелдік тәжірибелеге сүйене отырып, салыстырмалы тәсілмен жасаған қорытындылары қоңілге қонымды.

Зерттеу жұмысының мынадай жаңалықтарын атап көрсетуге болады:

– қол жеткізген нәтижелердің ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы еліміздің тұрақты дамуға көшу жағдайында әлеуметтік мемлекет орнықтырудың теориясын одан әрі дамытуда болып табылады. Сондай-ақ, атап, диссертациялық жұмыс еліміздің тұрақты дамуға көшу жағдайында әлеуметтік мемлекетті орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздерін кешенді түрде зерттеуге арналған, қазақ тілінде дайындарған алғашқы жұмыстардың бірі деп айтуға болады;

– атап, зерттеу жұмысы – еліміздің тұрақты дамуға көшу жағдайында Қазақстан Республикасында әлеуметтік мемлекетті орнықтыру барысында орын алуға тиісті өзгерістерді көрсететін, кешенді құқықтық зерттеу болып табылады;

– зерттеу жұмысында әлеуметтік мемлекет модельдері мен оларды орнықтыруда кездесетін мәселелер егжей-тегжейлі қарастырылған. Докторлық диссертация қойылатын талаптарға тоłyқ сай келеді. Ғылыми жаңалығы мен қорытындылары дәлелді, корғауға ұсыныладын тұжырымдары да негізді, әрі дәйекті. Ізденушінің пікірлері мен ұсыныстарының қолданбалық маңызы жогары.

Жұмыстың осындай өзіндік ерекшеліктері мен жетістіктерін ескере отырып, Исахов Бахытжан Сейдиллаевичті «Қазақстан Республикасын әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырудың конституциялық-құқықтық негіздері» тақырыбында 6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дөрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық зерттеу жұмысын ресми корғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,

з.ғ.к., ҚазҰУ заң факультетінің

мемлекет және құқық теориясы

және тарихы, конституциялық құқық

және әкімшілік құқық кафедрасы доценті

ал-Фараїд
дәрілпав жаңа мемлекеттік мәселелер бағыттағы
ЗАВЕРІС

Начальному уполномоченному подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараїд

Р.Е. Кудайбергенов



Y.A. Ахатов

Еркін Ахатов

20 ж.т.